

Уақытша өтемдік тарифті бекіту жөніндегі қағидаларды бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 16 сәуірдегі № 115-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 24 мамырда № 8472 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 23 қарашадағы № 484 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 23.11.2016 № 484 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

«Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 14-1-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ереженің 17-тармағының 142) тармақшасына с ә й к е с

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 24.07.2015 № 566 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Уақытша өтемдік тарифті бекіту жөніндегі қағидалар б е к і т і л с і н .

2. «Уақытша өтемдік тарифті бекіту жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2012 жылғы 14 қыркүйектегі № 235-НҚ бұйрығының күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

3. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Стратегиялық жоспарлау және жиынтық талдау департаменті (А.В. Мартыненко) :

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрық бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Интернет-ресурсында жариялауды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Әкімшілік жұмысы департаменті (С.П. Базарбаев) осы бұйрықты Қазақстан

Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін:

1) оны бұқаралық ақпарат құралдарында заңнамада белгіленген тәртіппен ресми жариялауды қамтамасыз етсін, кейін жарияланғаны туралы мәліметті Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Заң департаментіне (С.С. Метенова) ұсынсын.

2) оны Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің құрылымдық бөлімшелерінің және аумақтық органдарының назарына жеткізсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының орынбасары А.Ж. Дүйсебаевқа жүктелсін.

6. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Төраға

М. Оспанов

К Е Л І С І Л Д І :

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникация
министрі
А. Жұмағалиев

2013 жылғы «__» _____

К Е Л І С І Л Д І :

Қазақстан Республикасы
Экономика және бюджеттік
жоспарлау министрі
Е. Досаев

2013 жылғы «__» _____

Қазақстан Республикасы Табиғи
монополияларды реттеу агенттігі
төрағасының
2013 жылғы 16 сәуірдегі
№ 115 - НҚ бұйрығымен
бекітілген

Уақытша өтемдік тарифті бекіту жөніндегі қағидалар

1. Жалпы ережелер

1. Осы Уақытша өтемдік тарифті бекіту жөніндегі қағидалар (бұдан әрі - Қағидалар) «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік

құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

2. Осы Қағиданың мақсаты табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) уақытша өтемдік тарифтің мөлшерін есептеу және бекіту тәртібін айқындау болып табылады.

3. Осы Қағидалардың ережелері меншік нысанына қарамастан барлық табиғи монополия субъектілеріне қолданылады.

4. Қағидаларда мынадай ұғым пайдаланылады:

1) негізсіз табыс – табиғи монополия субъектісінің уәкілетті орган бекіткен тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) деңгейінен немесе оның шекті деңгейінен асатын құнмен ақы алу және (немесе) тарифтік сметада көзделген амортизациялық аударымдарды мақсатқа сай пайдаланбау, тарифтік сметаның шығын баптарын уәкілетті орган бекіткен мөлшерден бес пайыздан астам орындамау, тарифтік сметада инвестициялық бағдарламаларды (жобаларды) орындауға көзделген қаражатты орындамау немесе мақсатқа сай пайдаланбау нәтижесінде алған қосымша табысы.

Қағидаларда пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен терминдер табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы заңнамаға сәйкес қолданылады.

5. Уақытша өтемдік тарифті бекітуге негіз табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) тұтынушыларға залал келтірген іс-әрекеттері болып табылады.

6. Табиғи монополия субъектісінің:

1) тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) немесе оның шекті деңгейін заңсыз к ө т е р у і ;

2) амортизациялық аударым қаражатын мақсатқа сай пайдаланбауы (бұдан ә р і - м а қ с а т с) ;

3) алып тасталды - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 24.07.2015 № 566 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен;

4) неғұрлым тиімді әдістер мен технологияларды қолдануға, нормативтік техникалық ысыраптарды төмендету іс-шараларын өткізуге, реттеліп көрсетілетін қызметтер көлемінің табиғи монополия субъектісіне байланысты емес себептер бойынша, конкурстық (тендерлік) рәсімдерді өткізу нәтижелері бойынша қысқаруына байланысты шығындарды үнемдеу жағдайларын, сондай-ақ «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-3-бабының 10-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін бекіту кезінде ескерілген инвестициялық бағдарламаларды (ж о б а л а р д ы) о р ы н д а м а у ы ;

5) неғұрлым тиімді әдістер мен технологияларды қолдануға, нормативтік

техникалық ысыраптарды төмендету іс-шараларын өткізуге, реттеліп көрсетілетін қызметтер көлемінің табиғи монополия субъектісіне байланысты емес себептер бойынша, конкурстық (тендерлік) рәсімдерді өткізу нәтижелері бойынша қысқаруына байланысты шығындарды үнемдеу жағдайларын қоспағанда, тарифтік сметаның шығындар баптарын уәкілетті орган бекіткен мөлшерден бес пайыздан астам орындамауы тұтынушыларға залал келтірген іс - әрекеті деп танылады ;

Уәкілетті органның ведомствосы салыстырмалы талдау әдісі қолданылатын тарифтер бойынша қызметтер көрсететін өңірлік электр желісі компаниясына уақытша өтемдік тарифті бекіту туралы шешімді осы тармақтың 1), 2) және 4) тармақшаларында көзделген жағдайларда ғана қабылдайды.

Бұл ретте осы тармақтың 1) және 5) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, өтемдік тарифті бекіту туралы шешім тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) шекті деңгейінің қолданыс мерзімі аяқталған соң қабылданады .

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 24.07.2015 № 566 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Шығын баптарын орындамауға:

1) бекітілген тарифтік сметада ескерілген реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) :

реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсынудың аса тиімді әдістері мен технологияларын енгізу; конкурстық (тендерлік) рәсімдерді өткізу нәтижесінде ақшалай қаражатты ұтымды пайдалану ;

нормативтік техникалық ысыраптарды төмендету бойынша жүргізілген іс-шаралар есебінен толық көлемде және тиісті сапада орындаған жағдайда;

2) тарифтердің шекті деңгейі қолданылатын кезеңде: осы тарифтік сметаны көрсетілетін қызметтер көлемі, инвестициялық жобаны (бағдарламаны) іске асыру, күрделі, ағымдағы және басқа да жөндеу жұмыстары, пайдалану шығындары бөлігінде орындаған; тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) есептеу кезінде көзделген тарифтік кірісті алған ;

алынған қарызға, оның ішінде оны қайтаруға қызмет көрсетуге арналған қаражатты жинақтау мақсатында жоспар-кестеге сәйкес инвестициялық жобаны іске асыру басталғаннан бастап резервтік шот ашылған жағдайда бекітілген тарифтік сметаның шығын бөлігін төмендеткен кезде;

3) реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) көлемі табиғи монополия субъектісінің кінәсіз тиісті қысқару есебінен алынған үнем

ж а т п а й д ы .

Бұл ретте, табиғи монополия субъектісі уәкілетті органға көрсетілген үнемнің нақты пайдаланғанын және (немесе) реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) көлемдерінің қысқарғанын растайтын материалдарды қоса бере отырып, шығындардың бап бойынша үнемін растайтын материалдарды :

табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсынудың жаңа әдістері мен технологияларын енгізгені туралы құзыретті органның қорытындысын; конкурстық (тендерлік) комиссиялардың хаттамаларын; ұсынылған реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) көлемдерін тұтынушылармен салыстыру актісін, төлемақы жасауға берілген шоттарды ұсынады .

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 24.07.2015 № 566 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Табиғи монополия субъектісі аса тиімді әдістер мен технологияларды қолдануға, нормативтік техникалық ысыраптарды төмендету іс-шараларын өткізуге немесе реттеліп көрсетілетін қызметтер көлемінің табиғи монополия субъектісіне байланысты емес себептер бойынша немесе конкурстық (тендерлік) рәсімдерді өткізу нәтижелері бойынша қысқаруына байланысты шығындарды үнемдеу нәтижесінде туындаған, тарифтік сметаға салынған шығындардың толық пайдаланылмаған бөлігінің кемінде елу пайызын жаңа өндірістік активтерді жасауға, кеңейтуге, қалпына келтіруге, жаңартуға, қолдауға, реконструкциялауға және техникалық қайта жарақтандыруға жіберуге міндетті.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 24.07.2015 № 566 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Уақытша өтемдік тарифті бекіту тәртібі

9. Уәкілетті орган уақытша өтемдік тарифті:

1) табиғи монополия субъектісіне өзі жүргізген тексерулер материалдарының ;

2) табиғи монополия субъектісінің тарифтік сметаны орындауын талдау және (немесе) табиғи монополия субъектісінің инвестициялық бағдарламаны (жобаны) орындау туралы ақпаратын талдау нәтижелерінің негізінде шешім қабылдау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесін ескере отырып бекітеді.

10. Осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілеген фактілерді анықтау және (немесе) растау үшін уәкілетті орган табиғи монополия субъектісінен қажетті ақпаратты оны ұсыну мерзімін көрсете отырып сұратады.

11. Коммерциялық құпияны құрайтын ақпарат оны уәкілетті органға ұсынудан бас тартуға негіз болып табылмайды, бұл ретте мүдделі тұлғалар ақпаратты ұсынған кезде коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтердің толық тізбесін көрсетеді не мүдделі тұлғаның коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтердің тізбесін бекіту туралы актінің көшірмесін қоса береді.

12. Уақытша өтемдік тарифті енгізу табиғи монополия субъектісінің тарифтік сметаны орындауын тексеру, талдау және (немесе) табиғи монополия субъектісінің инвестициялық бағдарламаны (жобаны) орындау туралы ақпаратына талдау жүргізген айдан кейінгі үшінші айдың бірінші күнінен бастап ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 24.07.2015 № 566 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Табиғи монополия субъектісі уақытша өтемдік тарифті бекіту туралы ақпаратты тұтынушының назарына оны қолданысқа енгізгенге дейін кемінде күнтізбелік 10 күн бұрын жеткізеді.

14. Уәкілетті органның табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) уақытша өтемдік тарифті бекіту туралы шешімі уәкілетті органның бұйрығымен ресімделеді.

15. Уәкілетті органның уақытша өтемдік тарифті бекіту туралы осы Қағидалардың 6-тармағына сәйкес қабылдаған шешімімен келіспеген жағдайда табиғи монополия субъектісі уәкілетті органның іс-әрекетіне сотқа шағымдануға қ ұ қ ы л ы .

16. Уақытша өтемдік тарифтің қолданысы кезеңінде табиғи монополия субъектісі «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес уәкілетті органға тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) немесе оның шекті деңгейін бекітуге ө т і н і ш ж а с а й а л а д ы .

Бұл ретте, жаңа тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) деңгейін негіздеуге алынған кіріс шешім қабылдау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесін ескере отырып, табиғи монополия субъектісінің өзінің реттеліп көрсетілетін қызметтерін (тауарларын, жұмыстарын) тұтынушыларға өтегенін шегеріп, негізсіз алынған кіріс сомасына а з а я д ы .

Инвестициялық бағдарламаны іске асыратын және міндеттемелері субъектінің рейтингісіне тікелей байланысты кредиттік ұйымдардың қарыз

қаражатын тартатын субъекті үшін тарифтік сметаны және (немесе) инвестициялық бағдарламаны орындамау нәтижесінде алынған сома тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) деңгейін өзгертуге өтінімді қарау кезінде кіріс бөлігін кеміту жолымен ескеріледі.

Бұл ретте, тарифтік сметада тарифтік сметаны және (немесе) инвестициялық бағдарламаны орындамаудың сомасы жеке жолмен көрсетіледі.

Уәкілетті органның ведомствосы табиғи монополиялар субъектілерінің тарифтік сметаларды және инвестициялық бағдарламаларды орындау жөніндегі есептерін қарау сәтінде табиғи монополиялар субъектілері жаңа тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) бекітуге өтінім берген жағдайда, уәкілетті органның ведомствосы негізсіз кіріс сомасын анықтаған кезде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесін ескере отырып жаңа тариф (баға, алым мөлшерлемесі) деңгейінің негіздемесіне алынған кірістен оны алып тастауға құқылы.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 24.07.2015 № 566 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Табиғи монополия субъектісі тұтынушыларға келтірген залалдарды уақытша өтемдік тарифтің қолданылу кезеңі аяқталғанға дейін толық өтеген жағдайда, табиғи монополия субъектісі уәкілетті органға уақытша өтемдік тарифтің қолданылу кезеңі аяқталғанға дейін өтемдік тарифтің күшін жою туралы өтінішті, тұтынушыларға келтірілген залалды өтеу фактісін растайтын құжаттарды қоса бере отырып, жасай алады.

Уәкілетті орган күнтізбелік отыз күн ішінде өтініш түскен күнінен бастап өтінішті қарайды және қарау нәтижелері бойынша уәкілетті орган уақытша өтемдік тарифтің қолданыс кезеңін өзгеру туралы шешім қабылдайды не табиғи монополиялар субъектісін бас тарту себептерін көрсете отырып, бас тартқандығы туралы хабардар етеді.

3. Уақытша өтемдік тариф мөлшерін есептеу

18. Осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген бұзушылықтар анықталған жағдайда, уәкілетті орган реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) іс жүзінде ұсынылған көлемін және табиғи монополия субъектісі бұзушылықтарға жол берген кезеңде іс жүзінде алынған табысты айқындайды.

19. Табиғи монополия субъектісі жол берген бұзушылықтар кезеңі:

1) осы Қағидалардың 6-тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдайда - табиғи монополия субъектісі уәкілетті орган бекіткен тарифтен (бағадан, алым мөлшерлемесінен) немесе оның шекті деңгейінен асатын құн бойынша ақы алған

к е з е ң ;

2) осы Қағидалардың 6-тармағының 2), 3), 4) және 5) тармақшаларында көзделген жағдайда - уәкілетті орган табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтік смета бекіткен жыл болып есептеледі.

20. Осы Қағидалардың 6-тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдайда, негізсіз алынған табыс (НТ) сомасы мынадай формула бойынша айқындалады:

$HT = (T1 - T) \times VI$, мұндағы

T1 - табиғи монополия субъектісі нақты қолданған көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) құны, теңге;

T - уәкілетті орган бекіткен тариф (баға, алым мөлшерлемесі) немесе оның шекті деңгейі, теңге;

VI - бұзушылықтар жіберілген кезең ішінде табиғи монополия субъектісі нақты көрсеткен реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) көлемі.

21. Осы Қағидалардың 6-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайда, негізсіз алынған табыс (НТ) сомасы мынадай формула бойынша айқындалады:

$HT = A_{мақсатс}$, мұндағы:

A мақсатс - бекітілген тарифте және (немесе) тарифтік сметада көзделген, табиғи монополия субъектісі амортизациялық аударымдар қаражаттарының есебінен реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынуда пайдаланылатын тіркелген активтерге күрделі қаржы салуға және тартылған кредиттік ресурстар бойынша негізгі қарызды қайтаруға байланысы жоқ мақсаттарға бағытталған қаражаттар, теңге.

22. Осы Қағидалардың 6-тармағының 4) тармақшасында көзделген жағдайда, негізсіз алынған табыс сомасы (НТ) мынадай формула бойынша айқындалады:

$HT = \sum ИПі$

ИПі – тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін бекіту кезінде ескерілген инвестициялық бағдарламаның (жобаның) орындалмаған і – іс-шарасын толық немесе ішінара іске асыруға көзделген шығындар, теңге.

23. Алып тасталды - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 24.07.2015 № 566 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Осы Қағидалардың 6-тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайда, негізсіз алынған табыс сомасы (НТ) мынадай формула бойынша айқындалады:

$HT = \sum Zi$, мұндағы

Zi - бекітілген тарифтік сметада ескерілген шығындармен салыстырғанда і-бабы бойынша 5 пайыздан асатын шығындарды толық игермеу, теңге.

25. Негізсіз алынған табыстың түпкілікті сомасы (НТк) шешім қабылдау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесін ескере отырып, мынадай формула бойынша айқындалады:

$$НТк = НТх \frac{(100 + \kappa)}{100}, \text{ мұндағы}$$

НТк – қайта қаржыландыру мөлшерлемесін ескере отырып, негізсіз алынған табыс сомасы, теңге;

НТ - осы Қағидалардың 6-тармағында көзделген бұзушылықтардың түрлері бойынша негізсіз алынған табыстың жалпы сомасы;

κ - шешім қабылдау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесі, %.

26. Табиғи монополия субъектісінің уақытша өтемдік тариф қолданысы кезеңінде алатын табысы жылдық амортизация сомасының елу пайызы шегеріліп, реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсынуға қажетті шығын құнынан төмендетпей есептеледі.

Табиғи монополия субъектісінің уақытша өтемдік тарифті қолдану кезеңінде алған табысын анықтау үшін тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) ең төменгі ықтимал шекті деңгейі (Тшек.) мынадай формула бойынша есептеледі:

$$Тшек. = \frac{T \times V - (\Pi + 0,5 \times A)}{V}, \text{ мұндағы}$$

Тшек - тарифтің ең төменгі ықтимал шекті деңгейі, теңге;

V - бекітілген тарифтік сметада ескерілген реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) жылдық көлемі;

Π - бекітілген тарифтік сметада ескерілген табыс, теңге;

A - бекітілген тарифтік сметада ескерілген жылдық амортизация, теңге.

27. Уақытша өтемдік тариф (ТӨтем) мынадай формула бойынша айқындалады:

$$ТӨтем = \frac{T \times V - НТк}{V}, \text{ мұндағы}$$

ТӨтем - уақытша өтемдік тариф, теңге.

28. Уақытша өтемдік тариф қолданылатын кезеңді (бұдан әрі – қолданыс кезеңі) уәкілетті орган айқындайды:

1) егер ТӨтем < Тшек. болған жағдайда, қолданыс кезеңі мынадай формула бойынша айқындалады:

$$n = \frac{НТк}{(T - Тшек) * V}, \text{ мұндағы}$$

n - уақытша өтемдік тарифтің қолданыс кезеңі.

Уақытша өтемдік тариф тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) ең төменгі ықтимал шекті деңгейінде бекітіледі:

T = Тшек;

2) егер $T_{\text{өтем}} \geq T_{\text{шек}}$ болған жағдайда, қолданыс кезеңі мынадай формула бойынша айқындалады:

$$n = \frac{HT_k}{(T - T_{\text{өтем}}) \cdot V}$$

У а қ ы т ш а ө т е м д і к т а р и ф т і
б е к і т у ж ө н і н д е г і қ а ғ и д а л а р ғ а
қ о с ы м ш а

Уақытша өтемдік тарифті есептеу үлгісі

$$T \times V - HT_k \times V - (3 - 0,5 \times A) = T_{\text{өтем}};$$

Бекітілген тариф (баға, алым мөлшерлемесі) T - 8 теңге
Бекітілген тарифте қабылданған реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) көлемі V - 1000 текше метр (бұдан әрі - м³)

1. Негізсіз алынған табыс (HT) сомасы айқындалады - 6046

2. Шешім қабылдау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесін ескере отырып, негізсіз алынған табыс сомасы айқындалады (HT_k):

$$HT_k = HT \times \frac{(100 + \kappa)}{100} = 6046 \times \frac{(100 + 7,5)}{100} = 6500 \text{ теңге, мұндағы}$$

6 046 теңге - негізсіз алынған табыс сомасы;

7,5 % - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесі;

6500 теңге - қайта қаржыландыру мөлшерлемесін ескере отырып, негізсіз алынған табыс сомасы.

3. Тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) ең төменгі ықтимал шекті деңгейі ($T_{\text{шек}}$) айқындалады:

$$T_{\text{шек}} = \frac{T \times V - (HT - 0,5 \times A)}{V} = \frac{8 \times 1000 - (500 + 0,5 \times 3000)}{1000} = \frac{8000 - 2000}{1000} = \frac{6000}{1000} = 6$$

теңге/м³, мұндағы

500 теңге - бекітілген тарифтік сметада ескерілген пайда;

3000 теңге - бекітілген тарифтік сметада ескерілген жылдық амортизация;

6 теңге/м³ - тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) ең төменгі ықтимал шекті деңгейі.

4. Уақытша өтемдік тарифтің деңгейі мынадай формула бойынша айқындалады:

$$T_{\text{өтем}} = \frac{T \times V - HT_k}{V} = \frac{8 \times 1000 - (500 + 0,5 \times 3000)}{1000} = \frac{8000 - 2000}{1000} = \frac{6000}{1000} = 6$$

$T_{\text{өтем}}$
теңге/м³, мұндағы

1,5 теңге/м³ - уақытша өтемдік тарифтің деңгейі.

5. $T_{\text{Өтем}} < T_{\text{шек}}$ екенін ескере отырып, қолданыс кезеңі мынадай формула бойынша айқындалады:

$$n = \frac{HT_k}{(T - T_{np}) \cdot V} = \frac{6500}{(8 - 6) \times 1000} = \frac{6500}{2000} = 3,25$$

3,25 жыл (немесе 3 жыл 3 ай) - тұтынушыларға келтірген залалдарды өтеу кезеңі.

Уақытша өтемдік тариф ($T_{\text{Өтем}}$) тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) ең төменгі ықтимал шекті деңгейінде бекітіледі - 6 теңге/м³, оның қолданыс кезеңі - 3 жыл 3 ай.

6. Егер $T_{\text{Өтем}} > T_{\text{шек}}$ болған жағдайда, уақытша өтемдік тарифтің деңгейі және оның қолданыс кезеңі мынадай формула бойынша айқындалады:

бекітілген тариф (баға, алым мөлшерлемесі) T - 8 теңге/м³,
бекітілген тарифте (бағада, алым мөлшерлемесінде) қабылданған реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) көлемі V - 1000 м³

1) негізсіз алынған табыс (НТ) сомасы айқындалады - 1350 теңге;

2) негізсіз алынған табыс сомасы шешім қабылдау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (НТк) қайта қаржыландыру мөлшерлемесі ескеріле отырып айқындалады:

$$HT_k = HT_x \cdot \frac{(100 + \kappa)}{100} = 1350 \times \frac{100 + 7,5}{100} = 1451,25$$

теңге, мұндағы

1350 теңге - негізсіз алынған табыс сомасы;

7,5 % - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесі;

1451,25 теңге - қайта қаржыландыру мөлшерлемесі ескеріле отырып, негізсіз алынған табыс сомасы;

3) тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) ең төменгі ықтимал шекті деңгейі айқындалады:

$$T_{\text{шек}} = \frac{T \times V - (\Pi + 0,5 \times A)}{V} = \frac{8 \times 1000 - (500 + 0,5 \times 3000)}{1000} = \frac{8000 - 2000}{1000} = \frac{6000}{1000} = 6$$

теңге/м³, мұндағы

500 теңге - бекітілген тарифтік сметада ескерілген пайда;

3000 теңге - бекітілген тарифтік сметада ескерілген жылдық амортизация, теңге;

6 теңге/м³ - тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) ең төменгі ықтимал шекті деңгейі;

4) уақытша өтемдік тарифтің деңгейі мынадай формула бойынша айқындалады:

$$T_{\text{Өтем}} = \frac{T \times V - HT_k}{V} = \frac{8 \times 1000 - 1451,25}{1000} = \frac{6548,75}{1000} = 6,54 \text{ теңге/м}^3,$$

мұндағы

6,54 теңге/м³ - уақытша өтемдік тарифтің деңгейі.

7. $T_{\text{Өтем}} > T_{\text{шек}}$ екенін ескере отырып, қолданыс кезеңі мынадай формула бойынша айқындалады:

$$n = \frac{HT_k}{(T - T_{\text{өтем}}) \times V} = \frac{1451,25}{(8 - 6,54) \times 1000} = \frac{1451,25}{1460} = 0,99$$

0,99 жыл (немесе 11 ай 26 күн) - тұтынушыларға келтірген залалдарды өтеу кезеңі.

Уақытша өтемдік тарифтің ($T_{\text{Өтем}}$) деңгейі 6,54 теңге/м³ құрайды, оның қолданыс кезеңі - 11 ай 26 күн.